

МРНТИ 18.41.91

**Б. Копжанова<sup>1</sup>***<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясы  
(Алматы, Қазақстан)***ОРТА АЗИЯ ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ (ҚАЗАҚ, ҚЫРҒЫЗ, ӨЗБЕК)  
ЫСҚЫШТЫ АСПАПТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ****Түйін**

Бұл мақалада Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың дәстүрлі және жетілдірілген ішекті аспаптарының нақты түрлері сипатталады: қыл қобыз, прима қобыз, кобуз, сато, гиджак, қыл қыйақ, сым қыйақ. Оларға салыстырмалы зерттеу жүргізіледі. Бұл халықтардың ысқышты аспаптарының бір-бірінен айырмашылығы дыбыс шығару әдісі, құрылымы, және де ұлттық ерекшелігінде жатыр. Аспаптардың әрқайсысы өз музыкалық мәдениетін ерекше етіп көрсетеді. Сонымен қатар мақалада көшпелі қазақтар мен қырғыздар, және жартылай отырықшы өзбек халықтарының жетілдірілген ысқышты аспаптарына сипаттама беріледі. Әр халық аспаптарының материалдарындағы, пішініндегі, қол қойылымдарындағы ұқсастығы мен айырмашылығы ажыратылады. Осыған орай Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарын зерттеген зерттеушілердің (Б.Сарыбаев, Ф.Кароматов, В.Беляев, К.Верков, Г.Благодатов, Е.Язовитская т.б.). еңбектеріне сүйенеді. Мақаладағы салыстырмалы талдау заманауи мәдениет саласында жетілдірілген аспаптардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Оларды болашақ зерттеу түркі тілдес халықтардың заманауи музыкасының маңызды міндеті болып табылады.

**Тірек сөздер:** Орталық Азиядағы ысқышты хордофондар, прима қобыз, сато, гиджак, сым қыйақ, кобуз.

Бұл мақала Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың дәстүрлі және жетілдірілген ысқышты аспаптардың салыстыруына арналған. Сондықтан, жұмыста типологиялық салыстырма, тарихи салыстырма және системно- этнофоникалық ( Мациевский) әдістер қолданылады. Бұл мақалада дәстүрлі және жетілдірілген ысқышты аспаптары қазақтардың қобызы және прима қобызы, қырғыздардың қыйағымен сым қыйағын және де өзбек халқының сато, кобуз және гиджак аспаптарын қарастырамыз.

Мақалада төмендегідей мәселелер талқыланады:

- Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың дәстүрлі және жетілдірілген ысқышты аспаптарын талдау.
- Аспаптардың ұқсастығы және айырмашылығы (құрылымы, пішімі, қол қойылымдары)
- Қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының дәстүрлі және жетілдірілген аспаптары талдау.

Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың тарихы, мәдениеті – жалпы заттық және рухани құндылықтары бір ғана тектен көктегеніне күмән жоқ. Содан барып олардың ортақ дүние танымы қалыптасқан. Түркологияда түркітілдес халықтардың тілінің тарихи тамырын бір арнадан іздеу ежелден бар үрдіс. Түркологияның іргетасы тасы қаланғаннан бері түркі тілі, этнографиясы, тарихы туралы іргелі еңбектер жазылды. Жалпы түркі тілдес халықтарының ұқсас нәрселері көп. Олар түр пішімінен бастап салт дәстүрі, өнері, аспаптарының және тағы басқа ұқсастықтары өте көп деп айтсақ болады.

**Қыл қобыз**

Қыл қобыз - таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап. Қобыз ең көне аспаптардың бірі. Екі ішегі қылдан жасалған, қоңыр дыбысты байырғы қобыз. Бұл қобызда көбінесе

